

**"Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға 2016 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 330 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 1005 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 27 желтоқсанда № 14603 болып тіркелді

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1- тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға 2016 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 330 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13738 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға 2016 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данасын баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді және мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күннің ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму  
министрі* *Т. Дүйсенова*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрінің

2016 жылғы 30 қарашадағы

№ 1 0 0 5

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрінің

2016 жылғы 27 сәуірдегі

№ 3 3 0

бұйрығына қосымша

**Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды  
қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға  
2016 жылға арналған мемлекеттік білім беру  
тапсырысын орналастыру туралы**

Р / с №	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары	Бөлінген орындардың жалпы саны	Білім деңгейі бойынша бөлінген орындар саны							
			4	5	6	7	8	9	10	11
Кәсіптік жоғарғы білімі бар мамандар	Кәсіптік орта білімі бар мамандар		қайта даярлау			біліктілігін арттыру			біліктілігін арттыру	
1	2	3	2 ай	4 ай	5 ай	1 апта	2 апта	4 апта	1 апта	2 апта

1.	Астана медицина университеті	14 552	200	619	67	2210	4552	3105	799	3000
	Барлығы	14 552	200	619	67	2210	4552	3105	799	3000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК